


*Дарынды оқушыларды
дамыту тұжырымдамасы*



*Орындаған:
Усманова К.Е.*





*«Ұрнағымыз бәсекеге қабілетті
болу үшін
алдымен білім жүйесін нықтап
алуымыз
қажет»*

М.Әуезов.

Күтілетін нәтиже:

- “Дарынды балалар ” туралы мәліметтер жинақталады .*
- Дарынды оқушылармен жұмыс жүйесі қалыптасады.*
- Дарынды балалармен жұмыста бастауыш, орта және жоғарғы сынып оқушыларының буын сабақтастығы құрылады.*
- Оқушылардың ақпараттық мәдениеті, зерттеушілік қабілеттері жетіледі.*
- Оқушылар пән олимпиадасына, ғылыми жоба сайыстарына түрлі интеллектуалды конкурстарға қатысуы жоғарылайды.*
- Рухани зияткерлік және шығармашылық дарыны бар балалар санының артуы.*
- Біздің мектеп жастарының әлеуметтік құндылық өлшемін «білім» категориясы секілді мағынада көтеруге өзгерту.*
- Дарынды балалармен жұмыс істеуде заманауи әдістермен қаруланған педагог санының өсуі.*
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға арналған іс-шаралар ауқымын кеңейту.*
- Оқушылардың жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.*
- Дарынды балалармен жұмыс жасайтын педагогтардың біліктілігін арттыру.*
- Дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін жасау.*
- Дарынды балалармен жұмыс істеу үшін оқытудың жаңа технологияларын жоспарлау мен жіктеу.*
- Дарынды балалармен жұмыс жасаудың әртүрлі қырынан проблемалар шығару.*

Негізгі мақсаты:

«Табиғи дарындылығы, қабілеті бар оқушыларды анықтау, бейімі мен қызығушылықтарына байланысты білім, білік, дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамытып, шыңдау және ғылым жолына бағыт бағдар беру, потенциалды қабілеттерін жүзеге асыруға қолдау жасау »

Міндеттері

- 1. Дарынды балалармен жұмыста педагогтарды нормативтік – құқықтық құжаттармен қамтамасыз ету;*
- 2. Мектеп оқушылары арасынан табиғи қабілетті оқушыларды анықтау және сол оқушылардың арасынан дарынды оқушыларды шығару;*
- 3. Мектептің білім беру ортасында дарынды және қабілетті балалардың дамуына жағдай жасау;*
- 4. Дарынды балаларды дамыту және оларға қолдау көрсету. Білімдерін көрсету үшін әртүрлі пән олимпиадаларына, ғылыми жоба қорғау сайыстарына, интеллектуалды, шығармашылық сайыстарға қатыстыру.*
- 5. Дарынды, қабілетті оқушылардың өзіндік ойлауларын, шығармашылықтары мен белсенділіктерін дамыту және ынтасын арттыру мақсатында оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды жүйелі қолдану.*

Өзектілігі:

XXI ғасырда өркеңдетті мемлекеттерде әлеуметтік экономикалық, политехникалық, мәдени ағымдардан жеке тұлға өзгеріп, дарынды балаларды оқыту, дамыту жұмыстары жаңа мазмұнға ие болды, талабы таудай, қабілеттері -қарымы мол, ізденімпаз жастар көбейіп , адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш , еліміз үшін абырой әкелетін дарынды тұлғалар болады деп, сөзсіз.

Дарынды оқушылармен жұмыс жасау мәселесі қазіргі қоғам үшін маңызды.



Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың негізгі қағидалары:

- Жеке тұлғаның дамуына әртүрлі мүмкіндіктер беру;
- Оза және дамыта оқыту;
- Жекелей және саралай оқыту принципін қолдану ;
- Кез келген жағдайды өзін еркін және қолайлы сезінуіне жағдай жасау;
- Оқушылардың бірлесе отырып жұмыс жасауына жағдай жасау;
- Оқушылардың қызығушылықтары мен бейіміне қарай қосымша курсты таңдау құқығын беру;
- Сыныптан тыс әрекеттің рөлін арттыру;
- Төзімді болу;
- Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтаспырылған жұмыстың нәтижелілігі.

Дарындылықтың бағыттары және дамыту жолдары:

1. Жалпы интеллектуалды дарындылық:

- пәндік олимпиадалар ,жарыстарға қатыстыру;
- қашықтықтан оқыту олимпиадаларына қатыстыру;
- интеллектуалды, шығармашылық сайыстарға қатыстыру;
- мектепшілік оқушылардың ғылыми қоғамына мүше болу / «Дарын»- 8-11 сыныптар, «Зерде»- 1-7 сыныптар/;



2. Көркемдік – шығармашылық дарындылық:
- оқушылардың қызығушылытарына қарай
үйірмелер, әр түрлі конкурстар;
- концерттер, фестивальдар, көрмелерге
қатыстуы;



3. Спорттық дарындылық

- секциялар, жарыстар, жиындарға, спартакиадалар, турслеттер, президенттік тесттерге қатысу



Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың түрлері :

- 1. Дарынды оқушылармен жүргізілетін топтық және жеке жұмыс түрлері;*
- 2. Мектеп компонентінен берілетін факультатив сабақтарды жүргізу;*
- 3. Әртүрлі пәндер бойынша оқушы компонентінен берілетін таңдау курстарын жүргізу;*
- 4. Қызығушылықтарына қарай үйірмелер мен спорт секцияларына қатысу;*
- 5. Әр түрлі интеллектуалды, шығармашылық, спорттық сайыстар жүргізу (тақырыптық сурет көрмелері, мәнерлеп оқу сайыстары, «Жобалар апталығы», «Алтын оймақ») т.б.;*
- 6. Ғылыми- практикалық конференция, зерттеу-шығармашылық сайыстар өткізу.*

Дарынды оқушылармен жұмыс кезеңдері:

1- кезең- ұйымдастыру кезеңі

- Нормативті – құқықтық құжаттарды оқып – үйрену;*
- оқушылардың дарындылықтарын анықтауда ата-аналарымен тығыз байланыста болу, диагностика жасау;*
- дарындылықтың әр түрін анықтау үшін диагностикалық әдістердің пакетін қалыптастыру.*
- оқушылардың қабілеттері мен бейімдерін ескере отырып әртүрлі жұмыстар ұйымдастыру, оқушыларды тарту;*
- мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;*
- сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру;*
- қосымша сабақтар беру;*
- олимпиада тапсырмалары мен әдістемелік жоспарларды құру;*
- дарындылықтың мониторингісін жасау;*

2 – кезең - бағдарламаны жүзеге асыру.

Әдістемелік – диагностикалық кезең

- дамудың ерте кезеңінде дарындылықты анықтау, бағдарлама құру;*
- оқушылардың ғылыми- ізденіс іс- әрекетін ұйымдастыру, жағдай жасау;*
- бағдарламаны нормативті – құқықтық құжаттармен қамтамасыз ету;*
- «Дарынды оқушылардың» банкі құру;*
- әрбір дарынды балаға тәлімгер бекітіп беру жүйесін енгізу;*
- оқыту үдерісіне инновациялық оқыту технологияларының әдіс- тәсілдерін енгізу;*
- оқушылардың зияткерлік және шығармашылық мүмкіндігін анықтау, қолдау, дамытуға бағытталған оқытудың дамытатын әдіс – тәсілдерін оқу – үрдісіне енгізу;*
- әртүрлі пән олимпиадаларына, ғылыми жоба жарыстарына, шығармашылық және интеллектуалды сайыстарға қатыстырту.*
- "Портфолио" жобасын енгізу.*
- балалардың шығармашылығын насихаттау мақсатында пәндік апталықтарды, шығармашылық көрмелерді, «Жобалау» апталағын, «Шәмші әндері» фестивалін, «Әнші балапан» ән кешін, спорттық сайыстарды өткізу;*
- жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту үшін қашықтықтан оқытуды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру;*
- шығармашылық және интеллектуалды даму технологиясы бойынша іс – тәжірибені қорытындылау.*

3– кезең аналитикалық

- аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі жұмыстардың нәтижесіне талдау жасау;*
- жоғары нәтижеге жеткен ұстаздардың озық тәжірибесін тарату мақсатында іс- тәжірибелерін аудан, облыс деңгейінде қорсету (семинарлар, конференциялар, дөңгелек стол, шеберлік – кластар);*
- бағдарламаны жүзеге асыруда пайда болған мәселелерді анықтау, шешу жолдарын қарастыру, болашақта осы бағытта жұмыс істеу үшін перспективалы жұмыс бағдарламасын жасау;*
- дарынды балалармен жұмыста педагогикалық іс – тәжірибе туралы банк жүйесін құру.*

Қорытынды:

Тәрбие мазмұнын жаңарту мақсатында оқушыларға дүниежүзілік дамыған педагогикалық-инновациялық жетістіктер мен ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру аса маңызды. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін негізгі мақсаттардың бірі тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұның беру арқылы салауатты өмір салтын сақтайтын, ұлт жанды, қоғам талабына сай, шығармашылық қабілеті мол жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

-Дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың нәтижесінде аудандық тірек мектеп деңгейіне жету;

-Жыл сайын аудандық мектептердің арасында интеллектуалды, сайыстар мен ғылыми жоба қорғау конференциялар өткізетін орталыққа айналу;

-Ғылыми практикалық конференцияларға байланысты семинарлар өткізіп отыру.

